



БҰЙРЫҚ

*2017 ж. 2 тамыз*

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *380*

город Астана

**Денсаулық сақтау саласында  
медициналық терминология  
комиссиясын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде медициналық терминологияны одан әрі жетілдіру және біріздендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда Денсаулық сақтау саласында медициналық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Комиссияның жұмыс органы болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Комиссияның толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласында медициналық терминология комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Б. Төкежановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



*[Signature]*  
Е. Біртанов,

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_ бұйрығына  
I-қосымша

**Денсаулық сақтау саласында медициналық  
терминология комиссиясының құрамы**

- |                                   |   |
|-----------------------------------|---|
| Төкежанов Болат<br>Тұрғанұлы      | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы, Комиссия төрағасы   |
| Алдангорова Айжан<br>Әнуарбекқызы | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бас сарапшысы, Комиссия хатшысы  |
| Ахметов Жауғашты<br>Байназарұлы   | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, патологиялық анатомия кафедрасының профессоры, Комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша) |
| Шакенов Бауыржан<br>Шакенұлы      | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, қалыпты анатомия кафедрасының доценті (келісім бойынша)  |
| Төлеева Назым<br>Әділбекқызы      | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, қазақ тілі және кәсіби қазақ тілі кафедрасының оқытушысы (келісім бойынша)                       |

- Сүлейменова Фатима  
Машимқызы
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамы қалыпты анатомия кафедрасының доценті (келісім бойынша)
- Түсіпқалив Балаш  
Түсіпқалиұлы
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны балалар аурулары кафедрасының профессоры (келісім бойынша)
- Сағындықова Баян  
Ахметқызы
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы» акционерлік қоғамының Дәрілер технологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор (келісім бойынша)
- Сәлім Ербол  
Қалтұрсынұлы
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы» акционерлік қоғамының Қазақ тілі мен латын тілі курсының меңгерушісі (келісім бойынша)
- Дарменов Ерғали  
Нұрмахамбетұлы
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны №1 хирургиялық аурулар кафедрасының доценті (келісім бойынша)
- Рахымжанова Сәуле  
Орынғазықызы
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Семей мемлекеттік медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны физиологиялық пәндер кафедрасының доценті (келісім бойынша)
-

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығына  
2-қосымша

## Денсаулық сақтау саласында медициналық терминология комиссиясы туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау саласында медициналық терминология комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы» 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулыларына сәйкес әзірленген және Денсаулық сақтау саласында медициналық терминология комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) міндеттерін айқындайды.

2. Комиссия медициналық терминология саласында ұсыныстар әзірлейтін консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

### 2. Комиссияның негізгі міндеттері

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

медициналық жоғары және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында және денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық терминология мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды қарау;

медициналық жоғары және орта кәсіптік білім беру ұйымдарынан және денсаулық сақтау ұйымдарынан келіп түсетін медициналық терминдерді бір жүйеге келтіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу.

### 3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

5. Комиссияның оның төрағасы басқарады және бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес отырыстар өткізеді.

6. Отырыс егер оған мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, күші бар деп

есептеледі.

7. Комиссияның хатшысы Комиссияның жұмыс жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді, отырыс хаттамаларын ресімдейді.

8. Комиссияның жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні бұрын қосымша хаттама жобасымен комиссия мүшелеріне жіберіледі.

9. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірі болған кезде, олардың ерекше пікірі жазбаша түрде жазылады және ресімделеді.

10. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

11. Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы, сондай-ақ Комиссия мүшелері қол қояды.

12. Материалдар мен хаттамалық шешімдерді есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

---